

**Қазақстан Республикасының
қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігімен
КЕЛІСІЛДІ**

**Төрағасы
(Төрағаның орынбасары)**

**«Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік
қоғамының Директорлар кеңесінің күндізгі
отырысының 2007 жылғы 21 қыркүйектегі
№ 21 хаттамасына № 6 қосымша**

200_жылғы «__»_____

**«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Жарғысына
өзгертулер мен толықтырулар енгізу**

Астана 2007 ж.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар

«Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының 2001 жылғы 31 мамырдағы Жарғысына (Банк Акционерлері жалпы жиналысының 2004 жылғы 10 ақпандағы (№12 хаттама), 2004 жылғы 15 шілдедегі (№14 хаттама), 2004 жылғы 27 қазандағы (№15 хаттама), 2005 жылғы 21 қантардағы (№16 хаттама), 2005 жылғы 28 қарашадағы (№20 хаттама), 2006 жылғы 19 қазандағы (№5 хаттама) шешімдерімен енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен бірге) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1-баптың 1.3.-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1.3. Банктің және оның атқарушы органдының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Алматы ауданы, Есіл өзенінің сол жағалауы, 35-көше, 6-үй, 10-бөлік («Қазына Тауэр» ғимараты).».

2. 5-баптың 5.1.-тармағында «атаулы» сөзі алынып тасталсын.

3. 9-баптың 9.2.-тармағы:

мынадай мазмұны бар 3-1), 3-2) және 3-3)-тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) Банктің бағалы қағаздарын конвертациялау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ олардың өзгеруін анықтау;

3-2) Банктің қаржылық-шаруашылық қызметінің орта мерзімдік жоспарларының (даму жоспарларының) және бизнес-жоспарларының (бюджеттердің) жобаларын келісу;

3-3) Банк дамуының стратегиялық бағыттарын бекіту;»;

5)-тармақша мынадай мазмұны бар екінші бөліммен толықтырылсын:

«Директорлар кеңесі мүшелерінің мәртебесі, жұмыс тәртібі, сыйақы төлеу шарттары мен қызметіне қатысты өзге де мәселелер Банктің жалғыз акционері бекітетін Банктің Директорлар кеңесі жөніндегі ережемен реттеледі.»;

6)-тармақшадағы «Директорлар кеңесінің санынан сөздері алынып тасталсын;

14)-тармақшадағы «әдістемесін» деген сөз «әдістемесіне өзгертулерді (құрылтай жиналысымен бекітілген болмаса, әдістемені бекіту)» деген сөздерге ауыстырылсын.

4. 10-баптағы:

1) 10.2.-тармағында:

2)-тармақшадағы «стратегиялық және даму» деген сөздер «қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарларын (даму жоспарларын)» деген сөздерге ауыстырылсын;

12)-тармақша «ұйымның» деген сөзден кейін «, сондай-ақ ірі мәміленің заты болып табылатын мұліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушының» деген сөздермен толықтырылсын;

14) және 15)-тармақшалардағы «бюджетін» деген сөз «бизнес-жоспарды (бюджетті)» деген сөздерге ауыстырылсын;

17)-тармақшадағы «жеке» деген сөз алынып тасталсын;

19)-тармақша «, соның ішінде Банктің бағалы қағаздарының аукционын жүргізу мен жазылу шарттарын және тәртібін орнататын ішкі құжатын бекіту» деген сөздермен толықтырылсын;

21)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«21) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталдағы үлесін) сатып алу туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олардың қызметінің мәселелері жөнінде шешім қабылдау;»;

24)-тармақшадағы «тіркеушімен» деген сөз «Банк тіркеушісімен» деген сөздерге ауыстырылсын;

25)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«25) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның уәкілеттік мерзімін белгілеу, оның уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының шамасын және сыйақы шарттарын белгілеу;»;

26)-тармақшадағы «бағалы қағаздары» деген сөздер «акциялары» деген сөзге ауыстырылсын;

мынадай мазмұны бар 29-1)-тармақшамен толықтырылсын:

«29-1) Банктің тәуекел-менеджментінің және ішкі бақылауының тиімді жүйесі мен қызметін құру;»;

2) 10.3.-тармақтағы:

үшінші бөлімдегі бірінші сөйлем алынып тасталсын;

жетінші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Банкте

1) тәуекелдерді басқару;

2) аудит;

3) тағайындау және сыйақылар;

4) Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.»;

мынадай мазмұны бар сегізінші, тоғызыншы және оныншы бөлімдермен толықтырылсын:

«Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады.

Банк Президенті Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін құру тәртібі мен олардың жұмысы, сондай-ақ олардың сандық қурамы Директорлар кеңесі бекітетін Банктің ішкі құжатымен белгіленеді.»;

3) 10.4.-тармақтың үшінші бөлімі алынып тасталсын;

4) 10.6.-тармақтағы:

алтыншы бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Банктің Директорлар кеңесі белгілейді.»;

жетінші бөлім алынып тасталсын.

5. 11-баптағы:

1) 11.1.-тармақ мынадай мазмұны бар екінші бөліммен толықтырылсын:

«Банк Президентінің атқарушы органның басшысы немесе атқарушы органның қызметін жеке дара жүзеге асыратын тұлға немесе өзге де заңды тұлға лауазымында жұмыс істеуге құқығы болмайды.»;

2) 11.3.-тармақтағы:

бірінші бөлімдегі «жеке» деген сөз алынып тасталсын;

6)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«(6) жалғыз акционермен келісім бойынша Банк қызметкерлерінің шекті штаттық санын, Банктің штат кестесін бекітеді, енбекке ақы төлеу жүйесін анықтайды;»;

3) 11.4.-тармақтағы:

бірінші, екінші және үшінші бөлімдердегі «жеке» деген сөз алынып тасталсын;

мынадай мазмұны бар бесінші бөліммен толықтырылсын:

«Банк Президентіне қатысты тәртіптік шара қолдануды Банктің жалғыз акционері жүзеге асырады.».

6. 14-баптың 14.1.-тармағындағы «жеке» деген сөз алынып тасталсын.

7. 16-бапта:

1) 16.1 тармақ «Банк Президенті» деген сөздерден кейін «және уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптарына сәйкес «Казахстанская правда» республикалық газеті» АҚ-да ақпаратты жариялаған кезде» деген сөздермен толықтырылсын

2) 16-баптың 16.1-тармағы мынадай мазмұны бар екінші бөліммен толықтырылсын:

«Банк қызметтік немесе коммерциялық қупия болып табылатын ақпаратқа ие Банк қызметкерлері тізімінің міндепті түрде жүргізілуін қамтамасыз етеді.»;

3) мынадай мазмұны бар 16.3.-тармақпен толықтырылсын:

«16.3. Банк жалғыз акционерге уәкілетті мемлекеттік органдардың тарапынан жүргізілетін тексерулер мен олардың қорытындысы бойынша ақпарат беруге міндепті.».

**«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ
Президенті**

Ж. Жақанов